

Бәйтерек ауданы аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Бәйтерек ауданы әкімінің 2023 жылғы 13 наурыздағы № 10 шешімі. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бәйтерек ауданы әкімінің 2023 жылғы 6 қыркүйектегі № 31 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бәйтерек ауданы әкімінің 06.09.2023 № 31 шешімімен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Азаматтық қорғау туралы" Заңының 48-бабына және 50-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің №756 "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сипаттамасын белгілеу туралы" қаулысына сәйкес **ШЕШТІМ:**

1. Бәйтерек ауданы аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

М.Токжанов